

Басшы болу тынымсыз еңбек пен кәсібилікті, жауапкершілік пен табандылықты қажет етеді. Ал жақсы басшы болу үшін жоғарыда аталған қасиеттерден бөлек үлкен адами жүректің иесі болу керек. Өйткені қарамағындағы адамдардан жұмыстың нәтижесін ғана талап ету аздық етеді, білікті басшы ағалық ақыл, кейде тіпті әкелік қамқорлық танытып, жас маманның өсіп-өркендеуіне жағдай жасайды.



Жаныңда жүр жақсы адам

Сондай жандардың бірі – Құрметті энергетик, «Еңбек даңқы» белгісінің және өзге де жоғары марапаттардың иесі Өмірхан Есіркепұлы Салманов. Ол 1960 жылдың 28 тамызында Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Жастайынан зердесі зерек, білімге, жасампаздыққа талпынып өскен Өмірхан Салманов 1989 жылы Екібастұз МАЭС-2 станциясын көтеруге атсалысады. Әуелі САЭМ-де монтаждау қызметкері болып жұмыс істейді. Араға жылдар салып станцияның кран бөліміне ауысады. Кез келген істі игеріп кететін еңбекқорлығының арқасында Өмірхан Есіркепұлы лифт бойынша мастер және аға мастер қызметтерін атқарады. Ал 2014 жылдың наурыз айында өндірісті дайындау цехының басшысы болып тағайындалды. Дәл осы жылы Өмірхан Есіркепұлының бастамасымен №3 жалпыстанциялық ауа компрессоры іске қосылды. Көп ұзамай өндірісті дайындау цехы тағы бір жаңашылдығымен қуантты. Бірнеше жылғы тапжылмай еткен еңбектің жемісі – сұйытылған азот және оттегі станциясының жұмысы басталды. Жаңа үлгідегі заманауи құрылғылар адам жұмысын едәуір жеңілдетіп, уақытқа сай еңбек етуге жағдай жасады.

- «Біздің ағай, біздің ағай тамаша» деген ән бар емес пе, міне, осы ән дәл

Өмірхан Есіркепұлына арналғандай! - дейді әріптестері басшылары жайлы. – Біз Өмірхан ағаға кез келген мәселемен бара аламыз. Жұмыс болсын, үйдегі жағдай болсын, ол кісінің міндетті түрде уақыт бөліп тыңдап, ағалық кеңесін беретінін білеміз.

Әдетте жұмыс бабымен тілдескенде басшының әкесінің атын қосып айту қалыптасқан. Алайда Өмірхан Есіркепұлын көпшілік «аға» дейді. Ол болса «қарындасым», «інім» деп, ағалық қамқорлығын ешкімнен аяған емес.

Станцияның белді маманы, білікті басшы болумен қатар, Өмірхан аға – ұлт патриоты, тіл жанашыры. Әркез тіл мәселесіне келгенде намысты қолдан бермей, тек сөзбен ғана емес, нақты ісімен қазақ тілінің көркеюіне үлес қосып жүрген азаматтардың бірі. Оның бір дәлелі – қарамағында жұмыс істейтін өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін үйренуге деген ерекше ілтипаты мен ықыласы.

Әрбір еңбек иесі құрмет пен мақтауға лайық. Ал еңбекқорлығымен отансүйгіштігі мен бауырмалдығы қатар жүрсе – мұндай маман теңдессіз шығар. Ортасына, әріптестеріне сыйлы Өмірхан аға екі ұлы мен қызын да дәл осы принциптер бойынша тәрбиелеп келеді. Ол – еліңді сүй, еңбек ет, адам бол!

Марал Ысқақова